Аннотация. В статье приведены данные результатов селекционной работы в направлении создания ультраскороспелых и скороспелых сортов сои для возделывания в северных регионах Республики Казахстан – Костанайской, Павлодарской и Акмолинской областях. Работа ведется по полной схеме селекционного процесса. В работе по созданию ультраскороспелых сортов принимают участие две научные организации Казахстана – ТОО «Сельскохозяйственная опытная станция «Заречное» под руководством ТОО «Казахский научно-исследовательский институт земледелия и растениеводства». Результативность гибридизации варьирует в пределах 4-15%. Созданы и переданы сорта сои: 000 группе спелости – Русия, вегетационный период 85-90 суток, средняя урожайность – 26,6 ц/га; в 00 группе спелости – Светлячок, вегетационный период 90-

95 суток, средняя урожайность – 27,7 ц/га; Ивушка, вегетационный период 90-95 суток, средняя урожайность – 24,0 ц/га; в 0 группе спелости Северное сияние, вегетационный период 105-107 суток, средняя урожайность – 23,3 ц/га. Сорт Ивушка допущен к производству в Костанайской, Павлодарской и Акмолинской областях.

Ключевые слова: соя, скороспелость, урожайность, сорт.

S.V. Didorenko¹, I.V. Sidorik², A.V. Zinchenko², A.A. Zakieva³, D.B. Abildaeva¹, R.Zh. Kassenov¹

¹*Kazakh Research Institute of Agriculture and Plant Growing LLP, Almaty region, Kazakhstan*

²*Zarechnoye Agricultural Experimental Station LLP, Kostanay region, Kazakhstan*

³*Shakarim University NJSC, Semey, Kazakhstan*

Creation of ultra-ripening and early maturing soybean varieties for conditions of Northern Kazakhstan

Abstract. The article presents the results of breeding work in the direction of creating ultra-early and early maturing soybean varieties for cultivation in the northern regions of the Republic of Kazakhstan, specifically Kostanay, Pavlodar and Akmola regions. The work is conducted in accordance with the full scheme of the breeding process. Two Kazakhstani scientific organisations, namely LLP "Agricultural Experimental Station "Zarechnoye" (under the guidance of LLP "Kazakh Research Institute of Agriculture and Plant Industry"), are engaged in the process of creating ultra-accelerated varieties. The success rate of hybridisation varies between 4% and 15%. Soybean varieties have been developed and transferred: 000 ripeness group - Rusiya, growing season 85-90 days, average yield – 26,6 c/ha; in 00 ripeness group - Svetlyachok, growing season 90-95 days, average yield – 27,7 c/ha; Ivushka, growing season 90-95 days, average yield – 24,0 c/ha; in 0 ripeness group - Severnoye siyanie, growing season 105-107 days, average yield – 23,3 c/ha. The Ivushka variety is approved for production in Kostanay, Pavlodar and Akmola regions.

Keywords: soybean, early maturity, yield, variety.

References

1. Byuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskому planirovaniyu i reformam Respublikи Kazakhstan [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] – Available at: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/5> (accessed: 20.12.2021). [in Russian]
2. Didorenko S.V., Kudajbergenov M.S., Abugalieva A.I., Sidorik I.V., Spryagajlova Yu.N. Skorospelost' soi – prioritet Kazahstanskoj selekcii [Soybean early maturity is a priority for Kazakhstan breeding]. 2 Biologicheskij kongress «Global'nye izmeneniya klimata i Bioraznoobrazie» [2 Biological Congress on Global Climate Change and Biodiversity]. (Almaty, 2015, 256-257 p.). [in Russian]
3. Golovina E.V. Issledovanie zasuhoustojchivosti i vodnogo obmena sortov soi severnogo ekotipa [Research on drought tolerance and water exchange in soybean varieties of the northern ecotype]. Zernobobovye i krupyanje kul'tury [Grain legumes and cereals], 1, 45-49 (2020). [in Russian]

4. Posypanov G.S., Kobozeva T.P., Muhi V.P., Gureeva M.P., Buhanova L.A., Zarenkova N.V., Belyaev E.V., Dem'yanenko E.V. Sozdanie sortov soi severnogo ekotipa i introduksiya ee v nechernozemnyu zonu Rossii [Creation of soybean varieties of the northern ecotype and its introduction in the non-chernozem zone of Russia]. Izvestiya TSKHA [News of the TAA], 1, 73-77 (2007). [in Russian]
5. Didorenko S.V., Sidorik I.V., Shilina Yu., Abugalieva A.I., Zakieva A.A. Seleksiya ul'traskorospelyh sortov soi dlya Severnyh i Vostochnyh regionov Respublik Kazahstan [Selection of ultra-early-ripening soybean varieties for Northern and Eastern regions of Kazakhstan]. Semej kalasyn Shkarim atyndagy MU Habarshysy [Bulletin of Shakarim State University of Semey], 3, 204-208 (2014). [in Russian]
6. Devyanin S.N., Markov V.A., Levshin A.G., Kobozeva T.P., Alipichev A.Yu. Use of northern ecotype soybeans for biofuel production. Agric. Engin. J., 6, 22-30 (2020). DOI: 10.26897/2687-1149-2020-6-22-30.
7. Ozyakova E.N., Popolzuhina N.A. Urozhajnost' i kachestvo zerna soi v zavisimosti ot dejstviya abioticheskikh faktorov i genotipicheskikh osobennostej [Soybean yield and grain quality as a function of abiotic factors and genotypic traits]. Omskij nauchnyj vestnik [Omsk Scientific Bulletin], 2, 213-217 (2014). [in Russian]
8. Torikov V.E., Bel'chenko S.A., Dronov A.V. Soya severnogo ekotipa v intensivnom zemledelii. [Northern ecotype soybeans in intensive farming]. Monografiya (Bryansk: «Bryanskij GAU» 2019, 284 p.). [in Russian]
9. Fredrik F. Soybean (*Glycine max*) cropping in Sweden – influence of row distance, seeding date and suitable cultivars. Acta Agric. Scand. J., 5, 311-317 (2021).
10. Kabwe N., Sarah A., Paul M. Molecular characterization of soybean accessions from the international collection of the plant gene resources of Canada: germplasm identification. Crop Improv. J., 5, 127-139 (2021).
11. Seferova I.V., Misurina T.V., Nikishkina M.A. Ekologo-geograficheskaya ocenka biologicheskogo potenciala skorospelyh sortov i oseverenie soi [Ecological and geographical assessment of the biological potential of early maturing soybean varieties]. Sel'skohozyajstvennaya biologiya. Seriya Biologiya rastenij [Agricultural Biology. Plant Biology Series], 5, 42-47 (2007). [in Russian]
12. Tolokonnikov V.V., Koshkarova T.S., Ileneva S.V., Kancer G.P. Seleksiya skorospelyh sortov soi dlya uslovij orosheniya [Breeding early maturing soybean varieties for irrigated conditions]. Mezhdunarodnyj nauchno-issledovatel'skij zhurnal [International Scientific and Research Journal], 3, 123-124 (2016). [in Russian]
13. Tolokonnikov V.V., Kancer G.P., Plyushcheva N.M. Genotipicheskoe uluchshenie urozhajnosti skorospelyh sortov soi v usloviyah orosheniya [Genotypic improvement of early maturing soybean varieties under irrigated conditions]. Oroshaemoe zemledelie [Irrigated farming], 2, 17-20 (2019). [in Russian]
14. Omel'yanyuk L.V. Seleksiya goroha i soi dlya uslovij Zapadnoj Cibiri: [Pea and soybean breeding for Western Siberian conditions]: Diss. na soiskanie stepeni doktora s/h nauk [D. thesis for the degree of Doctor of Agricultural Sciences] 2014, 505 p. [in Russian]
15. Zatybekov A., Abugalieva S., Didorenko S., Rsaliyev A., Turuspekov Y. GWAS of a soybean breeding collection from South East and South Kazakhstan for resistance to fungal diseases. Vavilov Gen Breed J., 22, 536-543 (2018).

16. Moiseenko I.Ya., Zajceva O.A. Izuchenie kollekci VIR - osnova selekcionnogo processa soi severnogo ekotipa [Studying the VIR collection - the basis of the breeding process for soybeans of the northern ecotype]. Vestnik Bryanskoy gosudarstvennoy sel'skohozyajstvennoy akademii [Bulletin of the Bryansk State Agricultural Academy], 5, 24-36 (2009). [in Russian]
17. Didorenko S.V., Karyagin Yu.G., Kudajbergenov M.S. Vkluchenie ul'traskorospelyh sortoobrazcov soi v selekcionnyu programmu «KazNIIZiR» [Inclusion of ultra-early-ripening soybean varieties in the KazNIIZiR breeding program]. Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferenciya «Dostizhenie i perspektiv selekcii, semenovodstva sel'skohozyajstvennyh kul'tur i bogarnogo zemledeliya» posvyashchennaya 100-letiyu so dnya osnovaniya TOO «Krasnovodopadskaya SKHOS [International Scientific and Practical Conference «Achievements and Prospects of Crop Breeding, Seed Production and Rainfed Agriculture» dedicated to the 100th anniversary of the establishment of «Krasnogodopadskaya AES» LLP], Shymkent, Kazakhstan, 121-125 (2011). [in Russian]
18. Didorenko S.V., Zakieva A.A., Sidorik I.V., Abugalieva A.I., Kudaibergenov M.S., Iskakov A.R. Diversification of Crop Production by Means of Spreading Soybeans to the Northern Regions of the Republic of Kazakhstan. Biosci Biotech Res. Asia, 13, 23-30 (2016).
19. Stud24. [Electronic resource] – Available at: <https://www.stud24.ru/agriculture/biologicheskie-osobennosti-i-tehnologiya-vozdelyvaniya/174407-507988-page8.html> (accessed: 15.12.2021). [in Russian]
20. Dospekhov B.A. Metodika polevogo opyta (s osnovami statisticheskoy obrabotki rezul'tatov issledovanij) [Field experiment methodology (with basics of statistical processing of research results)]. (Kniga po trebovaniyu, Moskva, 2012, 352 p.). [in Russian]
21. Dzhurabaev S.I., Sidorik I.V., Tul'kubaeva S.A., Zinchenko A.V. Tekhnologiya vozdelyvaniya soi v Kostanajskoj oblasti [Soybean cultivation technology in Kostanay region]: Rekomendaciya (Zarechnoe: TOO «SKHOS «Zarechnoe» 2020, 21 p.). [in Russian]
22. Mark Licht Soybean Growth and Development. Soybean Extension Agronomist Department of Agronomy (Iowa State University. University Extension, 2014, 28 p.
23. Vishnyakova M.A. i dr. Kolleksiya mirovyh geneticheskikh resursov zernovyh bobovyh VIR: popolnenie, sohranenie i izuchenie [The VIR World Legume Genetic Resources Collection: replenishment, conservation and research]: Metodicheskie ukazaniya (Sankt-Peterburg: Min. nauki i vysshego obrazovaniya RF 2018, 143 p.). [in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер:

Дидоренко С.В. – биология ғылымдарының кандидаты, профессор, «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС майлы дақылдар зертханасының менгерушісі, Ерлепесова көшесі 1, Алмалыбақ ауылы, Қарасай ауданы, Алматы облысы, Қазақстан.

Сидорик И.В. – «Заречное» АШТС» ЖШС ауыл шаруашылығы дақылдарын селекция зертханасының менгерушісі, Юбилейная көшесі 12, Заречное ауылы, Қостанай ауданы, Қостанай облысы, Қазақстан.

Зинченко А.В. – «Заречное» АШТС» ЖШС ауыл шаруашылығы дақылдарын селекция зертханасының аға ғылыми қызметкері, Юбилейная көшесі 12, Заречное ауылы, Қостанай ауданы, Қостанай облысы, Қазақстан.

Закиева А.А. – PhD, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ ауыл шаруашылығы және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы, Глинка көшесі 20а, Семей, Қазақстан.

Абильдаева Д.Б. – «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС майлы дақылдар зертханасының кіші ғылыми қызметкері, Ерлепесова көшесі 1, Алмалыбақ ауылы, Қарасай ауданы, Алматы облысы, Қазақстан.

Касенов Р.Ж. – «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС майлы дақылдар зертханасының кіші ғылыми қызметкері, Ерлепесова көшесі 1, Алмалыбақ ауылы, Қарасай ауданы, Алматы облысы, Қазақстан.

Didorenko S.V. – candidate of biological sciences, professor, head of oil crops laboratory, «Kazakh Research Institute of Agriculture and Plant Growing» LLP, 1, Erlepesova St., Almalybak village, Karasai district, Almaty region, Kazakhstan.

Sidorik I.V. – Head of Crop Breeding Laboratory, «AES «Zarechnoye» LLP, 12, Yubileinaya St., Zarechnoye village, Kostanay district, Kostanay region, Kazakhstan.

Zinchenko A.V. – senior researcher of the Laboratory of Crop Breeding, «Zarechnoye» LLP, 12, Yubileinaya St., Zarechnoye village, Kostanay district, Kostanay region, Kazakhstan.

Zakieva A.A. – PhD, Senior Lecturer of the Department of Agriculture and Bioresources, NJSC «Shakarim University of Semey», 20a Glinka St., Semey, Kazakhstan.

Abildaeva D.B. – junior researcher of the laboratory of oil bearing crops, «Kazakh Research Institute of Agriculture and Plant Growing» LLP, 1, Erlepesova St., Almalybak village, Karasai district, Almaty region, Kazakhstan.

Kassenov R.Zh. – junior researcher of the laboratory of oil bearing crops, «Kazakh Research Institute of Agriculture and Plant Growing» LLP, 1, Erlepesova St., Almalybak village, Karasai district, Almaty region, Kazakhstan.



«Көкшетау» МҰТП аумағындағы *Dactylorhiza fuchsii* (Druce) Soó ценопопуляцияларының қазіргі жағдайы

А.Е. Ҳалымбетова^{1,2*}, С.К. Мухтубаева¹, С.А. Абиев²

¹КР ЭТРМ ОШЖДК «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖК РМК филиалы
«Астана ботаникалық бағы», Астана, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: aiscor87@mail.ru

Анната. Мақалада «Көкшетау» МҰТП аумағында сирек кездесетін *Dactylorhiza fuchsii* (Druce) Soó (*Orchidaceae*) түрінің 6 ценопопуляцияларының (ЦП) зерттеу нәтижелері көрсетілген. *D. fuchsii* өсімдігінің көктерек-қайынды орманда, бұталы-шөпті қауымдастықтарда кездесетіні анықталды. *Dactylorhiza fuchsii* (Druce) Soó ценопопуляцияларындағы морфометриялық параметрлері – сабагының ұзындығы, гүлшоғырының ұзындығы, бірінші жапырақтың көрсеткіштері көрсетілген. Ценопопуляцияларда түрдің көпшілігі жас және өзін-өзі жаңартуға қабілетті екендігі анықталды. Ең құрғақ жағдайда өсетін №1 ценопопуляция жетілу және өтпелі кезеңінде. *D. fuchsii* кейбір морфологиялық параметрлерінің өзгергіштігі мен икемділігі қарастырылады. Белгілердің өзгергіштік құрылымы анықталды. Генеративтік дарақтардың морфометриялық белгілерін талдау барысында ең биік өсімдіктердің көктерек-қайынды және қарғай-қайынды ормандарда өсетіні анықталды. Зерттелген ЦП белгілерінің өзгергіштігіне баға беріліп, максималды өзгергіштікті сабак ұзындығы (55%), ал *D. fuchsii* генеративтік дарақтарының ең аз өзгермелі белгілерін гүлшоғырының ұзындығы мен бірінші жапырақтың ені (7 және 3,6%) көрсетті. Белгілердің өзгеруінің жоғары дәрежесі байқалады. Ценопопуляцияны бақылау екі жыл ішінде жүргізілді (2021-2022). №1 ЦП қанағаттанарлық күйде, ол генеративтік дарақтардың жоғары ұлесі мен максималды тығыздығына байланысты. *D. fuchsii* №2 және №3 ценопопуляциялары жағдайының жойылып кету қаупі бар және сақтауға мәжбүр деп бағаланады. Зерттеу нәтижелері бойынша *D. fuchsii* өсімдігінің барлық ЦП үшін популяциялардың жағдайын бақылауды жалғастыру ұсынылады.

Түйін сөздер: *Orchidaceae*, *Dactylorhiza fuchsii* (Druce) Soó, ценопопуляция, онтогенетикалық құрылым, морфометриялық параметрлер, жас құрамы, вегетативтік көбею.

Kіріспе

Биологиялық алуан түрлілікті сақтау мәселесі қазіргі кезеңдегі маңызды міндеттердің бірі. Антропогендік әсердің салдарынан өсімдіктердің көптеген түрлері жойылу үстінде. Биоалуантүрліліктің маңызды құрамас бөлігі сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлер. Оларды сақтауда, теріс әсеріжок, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы зерттеулерге үлкен мән беріледі [1-3]. Сирек кездесетін өсімдіктер қатарына орхидеялар тұқымдасының өкілдері де жатады, олардың көшілігі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген [4].

Орхидеялар тұқымдасының өкілдері ең әдемі және алуан түрлі сәндік гүлдер және бұл тұқымдастың ерекше биологиясы олардың тез жойылып кетуінің себептерінің бірі болып табылады және оларға арнайы қорғау шаралары қажет. Мұндай шаралардың тиімділігі олардың биологиясын және түрлердің антропогендік жүктемелерге төзімділігін жан-жақты зерттеуде оңтайлы болады. Тұқымдас белгілі бір әсерлермен әр түрлі әрекеттеседі, өсімдіктер қауымдастырының ең осал құрамас бөлігі [4], олар антропогендік жүктемелер кезінде фитоценоздардың құрамынан бірінші болып түсіп, тіршілік ету ортасының өзгеруіне ең сезімтал екендігі атап өтілген [5]. Тұқымның өнуі үшін саңырауқұлақтармен әрекеттесу орхидеялардың таралуын шектейді, бірақ микориза орхидеялардың тұрақтылығына, бәсекелестіктің артуына және әлсіз антропогендік әсерге ықпал етеді.

Өсімдіктер әлемінде шамамен 853 туыстан [6] және 25000 түрден тұратын космополиттік ареалы ең үлкен тұқымдас. Орхидеялардан Қазақстан аумағында 19 тұқымдастың 33-ке жуық түрі өседі [7]. Көптеген түрлер сәндік жағынан ғана емес, медициналық тұрғыдан да қызығушылық тудырады.

Тұқымдастың ішінде 30 түрден тұратын *Dactylorhiza* туысы Солтүстік жарты шарда кеңінен таралған [7] және Қазақстанда 9 түрі кездеседі.

Қазақстан аумағындағы орхидеялар фрагментті түрде зерттелген, *Orchidaceae* тұқымдасы өкілдерінің биологиялық ерекшеліктерін, түрлік құрамын және таралуын зерттеген жұмыстар аз [8]. Сондықтан Ақмола облысының аумағында тұқымдас түрлерін кешенді зерттеу өткізу мүмкін.

Орхидеялардың биологиялық әртүрлілігін сақтау үшін олардың репродуктивті биологиясы туралы білу қажет. Оларды сәтті енгізу және қайта енгізу үшін биотехнологиялық әдістерді қолдану қажет.

Dactylorhiza fuchsii (Druce) Soó биік шөпті шалғынды қауымдастықтарда немесе орманның батпақты шеттерінде өсетін сирек түр. Ол ағындардың жағасында, аралас және жапырақты ормандардың шымылдығында, қарағай-қайынды ормандарда аз популяцияларда кездеседі. Ол ашық, шөпті емес, мол ылғалданған, бірақ судың тоқырауынсыз жерлерде өседі [9].

Гүлшоғыры тығыз, масақ тәрізді, күлгін реңді 35-50 гүлден тұрады, гүлдері қызғылт-күлгін түсті, қою күлгін жіңішке сызықтармен әрленген; ұзындығы 18 см-ден және ені 3,5 см-ге дейін жетеді. Иіссіз. Еріндегі бірдей мөлшердегі үш бөлікке бөлінеді немесе ортаңғы бөлігі бүйірден сәл ұзынырақ; ерін негізінде ұзындығы 5-8 мм гүлтепкі орналасады [8]. Маусым-шілде айларында гүлдейді.

Тұқымдары өте майда, өнгіштігі төмен, бір дарада 186000 тұқымға дейін [10] кездеседі. Олардың өнүі тек микоризаның қатысуымен дамиды.

Қазақстанның Қызыл кітабына ғана емес [4], сонымен қатар ол жойылып кету қаупі төнген Еуропаның өсімдік түрлерінің тізіміне енгізілген, Берн конвенциясының жабайы фауна мен флораны және Еуропадағы табиғи мекендеу орындарын қорғау туралы I Қосымшасына, жойылып кету қаупі төнген жабайы фауна және флора түрлерінің халықаралық саудасы туралы СИТЕС Конвенциясының II Қосымшасына енгізілген. Түр Ресей Федерациясында да қорғалған [11].

Зерттеудің мақсаты Ақмола облысындағы *Dactylorhiza fuchsii* (Druce) Soó (*Orchidaceae*) түрінің экологиялық және биологиялық ерекшеліктерін қадағалау мен бақылауды қажет ететін түр ретінде зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының нысаны ретінде З санаттағы сирек кездесетін Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген *Dactylorhiza fuchsii* (Druce) Soó түрі алынды (сирек түр) [4].

D. fuchsii ценопопуляцияларын (ЦП) зерттеу «Кекшетау» МҰТП аумағында 2021-2022 жж. шілденің бірінші жартысында вегетациялық кезеңде маршруттық және стационарлық әдістермен жүргізілді. Өсімдіктер қауымдастырының сипаттамалары жалпы қабылданған геоботаникалық әдістерге сәйкес жүргізілді [12, 13].

Түрдің морфологиялық ерекшеліктерін және ценопопуляциялардың қазіргі жағдайын зерттеу барысында жалпы қабылданған әдістер мен тәсілдер қолданылды [14-17]. Әртүрлі онтогенетикалық күйлердегі дарақтарды зерттеу кезінде сабактың биіктігі, гүлшоғырының ұзындығы, сабактағы жапырақтардың саны, жапырақтың ұзындығы мен ені, жапырақтардағы жүйкелерінің саны және т.б. сияқты морфометриялық көрсеткіштер өлшенді. Ценопопуляциялардағы өлшеулер 5-10 дарақтар аралығында салыстырмалы түрде жүргізілді. Өсімдіктердің жер асты бөлігіндегі түйнек және тамыр жүйесіне зақым келтірілмей өлшенді.

Әр түрлі онтогенетикалық күйлерге жататын өсімдіктердің морфологиялық сипаттамалары Сүмбембаев А.А. еңбектерінде көрсетілген терминология мен тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылды [8].

Зерттеу нәтижесінде жиналған *D. fuchsii* өсімдіктерінің гербарий материалдары Астана ботаникалық бағының гербарий қорына тапсырылды.

Зерттеу нәтижелері

***Dactylorhiza fuchsii* (Druce) Soo** – көпжылдық, осал, шалғынды-орманды түр, сәндік және дәрілік түрдің өкілі. Өсімдіктің биіктігі 65 см, сабағы тығыз, тік, қалыңдығы 0,4-0,5 см. Түйнектер 2-4 бөліктен тұрады. Тамырдың ұзындығы 3-3,5 см. Жапырақтарының саны 4-7 аралығында, жоғарғы жағында күлгін-қоңыр түсті жапырақ бойымен созылған дақтары бар, ұзындығы 7,5-10 см және ені 1,6-2 см; Төменгі жапырақтары жалпақ, ұзынланцетті немесе кері жұмыртқа тәрізді, жоғарғы жағы доғал немесе дөңгелектелген,

ұзындығы 3-6 см және ені 0,3-0,5 см; ең жоғарғы жапырақтары жіңішке, сзықтыланцетті, үшкір болып келеді.

ҚР ЭТРМ ОШЖДК «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК гербариј қорының гербариј материалдары бойынша Қазақстан аумағында осы түрдің келесі флористикалық аудандарда өсетін орындары анықталды: 2. Тоб-Есіл, 3. Ерт., 5 Көкш., 11а. Қарқ., 22. Алтай (1-сурет).

Қазақтың майда шоқыларының аумағына байланысты мынадай таралу нүктелері анықталған: 5. **Көкшетау** - Ақмола обл., Сандықтау орман шаруашылығы пв. 82, қаражидекті сайда (15.VI.1957. Грибанов А.Н.); Карабеу көлінің маңы, граниттердегі қарағайлы ормандардың арасында (4.VII.1937. Шишкина Л.).



Сурет 1. Қазақстан аумағындағы А-3. Ерт., Б-11а. Қарқ., В-5 Көкш. флористикалық аудандарынан жиналған *Dactylorhiza fuchsii* түрінің гербариј материалдары

3. Ертіс – Павлодар округі, Кувский ауданы (1927. Мельвиль, Кузнецов Н.). **11а. Қарқаралы** – Қазақтың майда шоқылары, Қарқаралы қаласының жаны, көлдің жағасында (3.VII.1937. Дмитриева А.А.); Солтүстік Балқаш. Қарқаралы ауылсының жаны. Көл жағасында, қалың тал тоғайында (3.VII.1937. Дмитриева А.А.); *Songaria in montibus Karkaraly*. (27.VI.1843. A.G.Schrenk).

D. fuchsii шырша орманының шеттерінен, сирек кездесетін қайыңды-көктеректі және қарағайлы-қайыңды ормандарда анықталды. Фитоценоздардың шөпті-бұталы қабатының құрамында 27 түр анықталды, олардың ішінде түрлер басым: *Rubus saxatilis*, *Betula pendula*, *Calamagrostis epigeios*, *Equisetum sylvaticum*, *Pyrola rotundifolia*, *Poa nemoralis*, *Filipendula ulmaria*, *Geranium pratense*, *Carex juncella*, *Mentha asiatica*, *Melica nutans*, *Orthilia secunda*, *Pyrola rotundifolia*, *Phlomoides tuberosa*. Зерттелген ценопопуляциялардың қысқаша экологиялық-фитоценотикалық сипаттамасы кесте 1 көрсетілген.

Кесте 1

Ақмола облысында зерттелген *Dactylorhiza fuchsii* ценопопуляцияларының сипаттамасы

| ЦП № | Фитоценоз типі | Орналасқан жері | Жалпы проекциялық жамылғы, % | | Антропоген-дік жүктеме деңгейі |
|------|----------------------------------|---|------------------------------|---|---|
| | | | Шөпті-бұталы қабат | негізгі түрлер | |
| 1 | қайыңды-көктеректі | Роговский батпағының оңтүстік батыс бөлігі, 31-квартал, 8 енші | 70 | <i>Lathyrus vernus, Fragaria vesca, Angelica sylvestris, Geranium sylvaticum, Pyrola rotundifolia</i> | орташа, жалғыз аяқ жол, 40-жылдық орман жол |
| 2 | қарағайлыштық-қайыңды | Роговский батпағының оңтүстік-батыс бөлігі. 30-квартал | 65 | <i>Rubus saxatilis, Alchemilla vulgaris, Carex sylvatica, Poa nemoralis, Linnaea borealis, Melampyrum silvaticum, Fragaria vesca, Equisetum sylvaticum, Trifolium repens, Trifolium pratense, Geranium sylvaticum</i> | Орташа, өсіп келе жатқан жол |
| 3 | көктеректі-қайыңды-қарағайлыштық | 31- квартал. Сүйретпе жерден төмен, шамамен 2- ЦП дан 200 метр жерде орналасқан | 50 | <i>Fragaria vesca, Centaurea cyanus, Melica nutans, Solidago virgaurea, Geranium sylvaticum, Rubus saxatilis</i> | Орташа, өсіп келе жатқан жол |

| | | | | | |
|---|------------------------------|---|----|---|------------------------------|
| 4 | көктеректі-қа-рағайлы | Кайский батпағы-ның солтүстік шетіндегі Кичуг-ский орман шару-ашылығының 21 мен 22 блогы ара-сындағы өсіп келе жатқан жол | 45 | <i>Rubus saxatilis,</i> <i>Lathyrus vernus,</i> <i>Oxalis acetosella,</i> <i>Pyrola rotundifolia,</i> <i>Geranium sylvaticum,</i> <i>Cirsium oleraceum,</i> <i>Equisetum sylvaticum</i> | Орташа, орман жол |
| 5 | көктеректі-қайыңды-қарағайлы | Жолдың төменгі бөлігі, Кайский батпағына жақын, 22-квартал | 60 | <i>Oxalis acetosella,</i> <i>Pyrola rotundifolia,</i> <i>Solidago virgaurea,</i> <i>Rubus saxatilis</i> | Орташа, өсіп келе жатқан жол |
| 6 | қайыңды-көкте-ректи | Қарсақ ауылына жақын, Орманды-бұлақ орман шару-ашылығы | 70 | <i>Calamagrostis epigeios, C. arundinacea,</i> <i>Equisetum sylvaticum,</i> <i>Pyrola rotundifolia,</i> <i>Poa nemoralis,</i> <i>Rubus saxatilis,</i> <i>Filipendula ulmaria,</i> <i>Geranium pratense,</i> <i>Carex juncella,</i> <i>Mentha asiatica,</i> <i>Melica nutans,</i> <i>Orthilia secunda,</i> <i>Pyrola rotundifolia,</i> <i>Phlomoides tuberosa.</i> | Орташа, орман жол |

Түрдің ЦП ауданы 0,5-тен 100 м²-ге дейін болды. Тығыздықтағы орташа *D. fuchsii* ЦП аз жүретін орман жолдарында, сондай-ақ батпақтардың шетінде кездеседі. Зерттелген ЦП дарақтарының тығыздығы 0,8 дарақ/м² (ЦП 5) дең 4,5 дарақ/м² (ЦП 4) дейін болды. *D. fuchsii* саны 8-ден (ЦП 1) 52-ге (ЦП 6) дейін өзгерді. Барлық дарақтардың жалпы санынан генеративтік дарақтардың үлесі (генеративтілік коэффициенті) 5,1-ден 80%-

ға дейін болды. Генеративтік топтың жеке дарақтарының айтарлықтай кездесуі 6-ЦП 90%, 4-ЦП 50%-дан астам тіркелген. ЦП 1-де тек генеративтік онтогенетикалық қүйдің жеке дарақтары көрсетілген. Қалған ценопопуляцияларда генеративтік дарақтардың саны 20%-дан аспады.

Зерттелген *Dactylorhiza fuchsii* ценопопуляцияның демографиялық параметрлері кесте 2 көрсетілген.

Кесте 2

Dactylorhiza fuchsii ценопопуляцияларының демографиялық сипаттамасы

| ЦП № | Ауданы, м ² | Саны, дарақтар | Тығыздығы, дарақ/ м ² | Барлық дарақтардың жалпы санынан генеративтік дарақтардың үлесі | Жас құрамы, дарақ | | | |
|------|------------------------|----------------|----------------------------------|---|-------------------|----|----|----|
| | | | | | j | im | v | g |
| 1 | 3 | 8 | 0,9 | 5,1 | | - | - | 5 |
| 2 | 4 | 10 | 2,6 | 8,9 | | 5 | 2 | 3 |
| 3 | 11 | 7 | 0,8 | 80 | - | 1 | 1 | 7 |
| 4 | 8 | 30 | 3,9 | 29,1 | 4 | 8 | 7 | 12 |
| 5 | 2 | 9 | 4,5 | 22,2 | 1 | 4 | 2 | 2 |
| 6 | 20 | 52 | 3,7 | 22,9 | 11 | 32 | 16 | 18 |

Талқылау

Табиғи жағдайда зерттелген аумақта *D. fuchsii* тұқым арқылы көбейеді. Зерттеу аймақтарында вегетативтік көбею анықталмады.

Түрдің көбеюін шектейтін негізгі факторлардың ішінен түрдің онтогенездік ерекшеліктері мен антропогендік жүктемені атап өту қажет. Зерттелген ценопопуляциялардың спектрлері көбінесе негізгіден ерекшеленеді және оң жақты сипатқа ие. Ценопопуляциялардың шамамен 30%-ы орта жастағы, 70%-ы жетілген (популяциялардың жас және тиімділік критерийлерін ескерген жағдайда).

D. fuchsii зерттелген 6 ценопопуляциясы үшін 2 онтогенетикалық кезеңді (прегенеративті, генеративті) және 4 онтогенетикалық қүйлер (ювенильдік, имматурлық, виргинильдік, генеративтік) анықталды (кесте 2).

D. fuchsii зерттелген ценопопуляцияларының сандық құрамы бойынша аз, бірнеше ондаған, сирек жағдайда жүздеген өсімдіктер бар. Жеке дарақтар біркелкі емес орналасқан, жас өсімдіктер кейде гүлденген дарақтардың айналасында жинақталып өседі. Бұл жас дарақтардың аналық өсімдіктердің жанында өнуіне байланысты. Ценопопуляциядағы дарақтардың 1 м²-гі орташа тығыздығы 1-4 дарақты құрайды. 1 м²-де орташа тығыздығы 1-4 дараны құрайтын шағын ценопопуляциялар бұкіл ареал бойынша бұл түрге тән, тек сирек жағдайда *D. fuchsii* бірнеше жүздеген өсімдіктерден тұратын ценопопуляцияларды құрайды [18].

ШҚО-да бұл түрдің ценопопуляциялары 50-90 дарадан тұрады [19]. Зерттелген Ақмола облысындағы *D. fuchsii* түрінің ценопопуляциялары 67-95 дарақты құрайды. Зерттелген ценопопуляциялардың онтогенетикалық спектрлері қалыпты, толық дамыған, жас даралары басым, сонымен қатар генеративті өсімдіктер саны жоғары. Ақмола облысында зерттелген барлық ценопопуляциялардың орташа спектрі 23:36:11:30 (j:im:v:g) құрады. Имматурлық және генеративтік онтогенетикалық топтар басым. Қазақстанның шығыс аймақтарында өсетін ценопопуляциялармен салыстырғанда біз зерттеген ценопопуляциядағы жас даралардың үлкен пайызы түрдің таралуының солтүстік шекарасына жақын орналасуына байланысты онтогенездің біршама созылуын көрсетеді. 1-ЦП екі жылдық бақылаулары бұл ценопопуляцияның саны мен тығыздығы түрақты болғанын көрсетті. Онтогенетикалық спектрде имматурлық және генеративтік өсімдіктер басым болды, олардың арақатынасы біршама өзгерді. Мысалы, гүлді өсімдіктердің үлесі 2020 жылы өсті, ауа-райының қолайлы болуынан 2021 жылдан кейін өсті және 2021 жылдың сүйк және шамадан тыс ылғалды жазынан кейін 2022 жылы төмен екені байқалды.

Ен үлкен популяция, «Көкшетау» МҰТП, Корсак ауылының маңындағы, Орманды-бұлақ орман шаруашылығында қайыңды-көктөректі орманда, бұталы-шөпті қауымдастықтарда кездеседі. Рельеф тегіс басталып еңістейді. Биіктігі теңіз деңгейінен 376 м.

Популяция шөпті-дәнді өсімдіктері бар ылғалды қайыңды ормандарда орналасқан. Ағаш деңгейін *Betula pendula*, кейде *Populus tremula* түзеді. Шөпті қабат мына орман шөптерінен түзіледі: *Calamagrostis epigeios*, *C. arundinacea*, *Equisetum sylvaticum*, *Pyrola rotundifolia*, *Poa nemoralis*, *Rubus saxatilis*, *Filipendula ulmaria*, *Geranium pratense*, *Carex juncella*, *Mentha asiatica*, *Melica nutans*, *Orthilia secunda*, *Pyrola rotundifolia*, *Phlomoides tuberosa*. Сынақ алаңының аймағында түрдің даралары шашыраңқы кездеседі, қауымдастықта ересек генеративтік дарақтар басым.

Жер үсті және жер асты бөлігінің белгілері негізінде *D. fuchsii* онтогенетикалық құйларі «Көкшетау» МҰТП, Корсак ауылының маңындағы, Орманды-бұлақ орман шаруашылығында орхидея тұқымдарының өнуі кезінде ұзындығы 2-5 мм протокорм екі-үш жыл бойы жер астында тіршілік етеді.

Юенильдік өсімдіктерде (j) бірнеше тамырлары бар бір жіңішке ланцет тәрізді жапырақ пайда болады және оның бірнеше жіп тәрізді талшықтары болады, ортаңғысы айқын, жанама тамырлары және кішкентай ұршық пішінді, бөлшектелмеген түйнегі болады. Қынапты жапырақ бірінші жасыл жапырақтың негізін және төменгі жағында бір қабыршақ тәрізді жапырақты қоршайды. Сабактың ені 0,4 см.

Имматуралық өсімдіктердің (im) ұзындығы 12-15 см, ені 1,2 - 1,8 см болатын 1-2 үлкен жапырақтары бар және жапырақтардың 4-8 жіп тәрізді талшықтары бар. Жапырақтарына дәңгелектенген-сопақша дақтар тән. 1-2 қынапты және 1 қабыршақ тәрізді жапырақтары бар. Тамыр жүйесі ұзындығы шамамен 3,5-4 см, ені 0,5-0,8 см болатын 2 бөлшекті тубероидпен сипатталады.

Виргинильдік өсімдіктер (v) 8-10 жіп тәрізді талшықтары бар 3 және одан да көп ұзын-ланцетті жапырақтарының болуымен сипатталады. Сабактың ені 0,5 см. Жер асты бөлігінде 2-ден астам қосымша тамырлары және ұзындығы 4,5-7 см, ені 1,4-1,9 см болатын 2-4 бөлшектелген тубероидтан тұрады.

Генеративтік дарақтарда (g) гүлшоғыры болады. Ұзындығы 2,5-3 см және ені 1,5 см. Болатын гүлшоғырда гүлдер саны 50. Шамамен 2 үлкен және орташа 2-3 жапырақтары бар, жапырақтарының 10-12 жіп тәрізді талшықтары бар, бір қабыршақты және қынапты жапырақтары 1-2 дана. Төменгі жапырақтардың ұзындығы 8-10 см, ені 2-2,3 см. Жоғарғы жапырақтардың ұзындығы 4,5-6 см және ені 0,5-0,8 см. Тамыр жүйесі 5-8 қосымша тамырдан тұрады және ұзындығы 5,5-8 см. Ұзындығы 2,5-3,5 см және ені 1,5 см болатын 2-5 бөлшектелген тубероиды бар (2-сурет).



Сурет 2. *D.fuchsii* тамыр жүйесі

Dactylorhiza fuchsii гүлдену кезеңі маусымның аяғына және шілденің басына келеді. Көктемде наурыздың аяғында-сәуірдің басында еріген қардың арасынан кішкене шұңқырларда күлгін-қоңыр қабыршақтармен (антоцианинмен боялған) жабылған *D.fuchsii* едәүір үлкен (2-3 см-ге дейін) бүршіктерін байқауға болады.

Сәуір айының ортасына қарай олар топырақ бетінен 3-7 см жоғары көтеріледі. Сәуірдің соңғы күндерінде-мамырдың басында (25.IV-05.V) бірінші жапырақ ашыла бастайды және гүл жебесі байқалады. Жапырақтары мамыр айының соңына дейін қалыпты мөлшерге жетеді. Маусымның ортасында гүлдейді, шілденің басында - ортасында гүлдеп біtedі. Жеке өсімдіктің гүлденуі шамамен 3-4 аптаға созылады. Жемістері тамыздың бірінші жартысында сарғая бастайды, содан кейін (кеіде сарғайғанға дейін) тұқымдар төгіле бастайды. Сонымен қатар, жаңару бүршігі байқалады, одан келесі жылы сабақ пайда болады - оның мөлшері 2,4-3,3 см болады. Құрғақ жылдары жапырақтардың сарғаюы және тұқымның төгілуі әлдеқайда ертерек болуы мүмкін (2-3 апта). Ювенильді және сенильді өсімдіктеріндегі вегетациялық кезеңнің ұзақтығы ересек вегетативтік және генеративтік өсімдіктерге қарағанда шамамен 1 айға (құрғақ жылдары 1,5 айға) қысқа болады.

Бармақ тамырларының биомассасының маусымдық динамикасы бойынша қызықты мәліметтер алынды: қазаннан наурызға дейін биомассаның 50-ден 90%-на дейін түйнектерде және 5%-ға жуығы жанама тамырларда, сабақтардың үлесін шамамен 10% құрайды. Наурызда өркеннің биомассасы шамамен 20% құрайды, гүлдену уақытына

қарай 50%-ға дейін өседі, қыркүйектен бастап биомассаның негізгі бөлігі қайтадан түйнектер мен тамырларға оралады. Бүршік ішілік даму, кейбір авторлардың пікірінше, құрлықтағы түйнек түзетін орхидеяларда 2-4 жыл ішінде жүреді. Алайда, барлығы бүршіктің дамуының соңғы жылында онда вегетативтік және генеративтік мүшесінде болады, содан кейін көктемде ол осы бүршіктен жер үсті өркенін құрайды [5].

D.fuchsii табиғи жағдайда тек тұқыммен таралады. Ол жоғары тұқым өнімділігімен ерекшеленеді-бір дарақта 20-дан 56 мыңға дейін тұқым болады. Гүлдердің саны жасына байланысты: жас $17,2 \pm 2,1$, орташа жас $29,1 \pm 10,5$, ересек генеративті күйде $15,3 \pm 3,2$ [5]. Жемістердің пайда болу пайызы айтарлықтай шектерде 12-ден 80%-ға дейін (орта есеппен 47,6%) өзгереді, және әдетте бұл орта жастағы дарақтарда жоғары. Эр жылдары бір популяцияда бұл көрсеткіш айтарлықтай өзгереді.

Тұқымның өнуінің сәттілігі, протокорм мен ювенильді өсімдіктердің дамуы жемістердің қарқындылығына да, қолайлы жағдайлардың үйлесуіне – ылғалдануға, микориза саңырауқұлақтардың болуына байланысты. Әдетте, «жаңару толқыны» мол жеміс бергеннен кейін 3-ші жылды пайда болады, бұл көшеттің екі жылдық жер асты дамуын жанама түрде растайды [19].

Табиғи жағдайда вегетативтік көбеюі өте сирек кездеседі. Тұрақты жерлерде дарақтарды бақылау кезінде вегетативтік көбеюдің тек анықталған 7 жағдайын тіркеген (1 имматурлық және 6 ересек дарақ), ал вегетативтік түрде пайда болған дарақ анасымен бірдей жас күйінде болды. Алайда, вегетациялық өну кезінде бір тұқымнан бірнеше протокормның пайда болуы, сондай-ақ ризореституциялық көбею қабілеті *D.fuchsii* қарқынды вегетативті көбеюінің ықтимал мүмкіндігін көрсетеді [20].

Зерттелген қалған ценопопуляциялары толық емес, имматурлық онтогенетикалық жағдайдың прегенеративтік дарақтар тобы басым. Зерттелген ценопопуляциялардағы генеративтік дарақтардың ұлесі 5,4-тен 90%-ға дейін болды. Ювенильдік онтогенетикалық күйдегі дарақтардың саны 1-ден (ЦП 5) 11-ге (ЦП 6) дейін өзгереді. Виргинильдік онтогенетикалық күйдегі дарақтар зерттелген ценопопуляциялардың көпшілігінде кездеседі, олардың саны 1-ден (ЦП 3) 16-ға (ЦП 6) дейін өзгереді. Генеративтік дарақтардың саны ценопопуляцияларда 2-ден (ЦП 5) 18-ге дейін (ЦП 6) дейін өзгереді.

Генеративтік дарақтардың морфометриялық белгілерін талдау *D.fuchsii* ең биік өсімдіктердің қайың-көктерек орманында (ЦП 6) және қайың-қарағай орманында (ЦП 4) өсетінін көрсетеді, олардың орташа мәні сәйкесінше 54,0 және 42,4 см құрайды. Бұл белгінің ең кіші орташа мәні (24,5 см) көктеректі-қарағайлар ормандағы 2-ЦП ұлгілерінде байқалады. Бірінші жапырақтың енінің ең үлкен мәні (2,9 см) қайыңды-көктеректі ормандағы 3-ЦП дараларында байқалады.

Бірінші жапырақтың ұзындығының максималды орташа мәні ЦП 2 анықталды-11,1 см. орташа ені (1,12 см) және жапырақтың ұзындығы (3,96 см) ең төменгі көрсеткіштер ЦП 3-те тіркелді. Бірінші жапырақтың тамырларының саны 6,9-дан 12,9 данаға дейін өзгереді. Гүлшоғырының ұзындығы 2-ден 10,8 см-ге дейін өзгереді. Бұл белгінің максималды мәні ЦП 6-да, ең азы ЦП 2-де тіркелген.

D.fuchsii зерттелген ЦП жиынтығында жүргізілген белгілердің өзгергіштігін бағалау олардың өзгеруінің 2,0-ден 55%-ға дейінгі жоғары дәрежесін көрсетті. *D.fuchsii* генеративтік дарақтарының ең аз өзгермелі белгілері-бірінші жапырақтың ені және гүлшоғырының ұзындығы (сәйкесінше 3,3 және 7%). Өзгергіштіктің максималды дәрежесі өркендердің ұзындығы үшін көрсетілген (58 %). Зерттелген ценопопуляциялардың көшілігінің жағдайын қанағаттанарлық деп бағалауға болады, десек те жоғалу қаупі бар. Қанағаттанарлық жағдайда З ЦП бар. Ең нашар жағдайда ЦП 2, оның аздығы, генеративтік дарақтардың тәмен үлесі қауіп төндіреді. Сондай-ақ, орташа антропогендік әсер ету кезінде дарақтардың саны мен тығыздығының тәмендігімен сипатталатын З ЦП да ауыр жағдайда. Бұл ценопопуляциялар орташа деңгейлі антропогендік әсерге төтеп бере алады, бірақ оларды сақтау үшін белгілі бір шаралар қажет. Ең аз алаңдаушылықты ЦП 6 құрайды. Ценопопуляциялардың қанағаттанарлық жағдайы генеративтік дарақтардың жоғары үлесіне, максималды тығыздығына байланысты. Қалған ценопопуляциялар "сақтауға тәуелді" қүйде. Осыған байланысты барлық зерттелген ценопопуляциялар үшін популяциялардың жағдайын бақылауды және оны жалғастыру ұсынылады.

Зерттелген ЦП белгілерінің өзгергіштігін бағалау олардың өзгеруінің жоғары дәрежесін көрсетті. *D.fuchsii* генеративті дараларының ең аз өзгермелі белгілері-бірінші жапырақтың ені және гүлшоғырының ұзындығы (сәйкесінше 2,9 және 8%). Өзгергіштіктің максималды дәрежесі өркендердің ұзындығында байқалады (59 %). *D.fuchsii* үшін интегралданатын көрсеткіш (SC) интервалы 1,3-тен 2,5-ке дейін. Төрт ценопопуляцияның жағдайы *D.fuchsii* "қауіп төнгенге жақын" деп бағаланады. Екі ценопопуляция генеративті даралардың жоғары үлесі мен максималды тығыздығына байланысты қанағаттанарлық қүйде. Болашақта барлық зерттелген ценопопуляциялар үшін популяциялардың жағдайын бақылау мен оны жалғастыру қажет.

Dactylorhiza fuchsii ценопопуляцияларында біз ювенильдіден сенильдіге дейінгі барлық жас кезеңдері мен онтогенетикалық құйлерді бөлдік. *Dactylorhiza fuchsii* онтогенетикалық құйлерінің жиынтық морфометриялық сипаттамасы кесте 3 көрсетілген.

Кесте 3

Dactylorhiza fuchsii ценопопуляцияларының онтогенетикалық құйлердің морфометриялық сипаттамасы

| Белгі | Онтогенетикалық құйлер | | | | |
|------------------------------|------------------------|-----|-----|------|-------|
| | j | im | v | g | s |
| Жапырақ саны, дана | 1 | 1 | 2-3 | 4-5 | 2 |
| Тәменгі жапырақ ұзындығы, см | 4-7 | 5-9 | 5-9 | 9-12 | 8-9,5 |

| Төменгі жапырақ ені, см | 0,5-1 | 1-1,5 | 1,8-2,5 | 1,8-2,5 | 2,5-3 |
|-----------------------------|-------|-------|---------|---------|-------|
| жіп тәрізді талшықтар, дана | 2-4 | 6-8 | 10 | 10-14 | 14-17 |
| Өркеннің ұзындығы, см | 1 | 2 | 4 | 32-56 | 3 |
| Гүлшоғыр ұзындығы | - | - | - | 5-9 | - |

«Көкшетау» МҰТП аумағындағы ценопопуляцияларда 4 жапырағы бар виргинилдік дарақтарды кездестірдік (3-сурет). Ұзындығы 3,3 см және ені 2 см кішкентай сопақша пішінді бірінші жапырақ, ұзындығы 6,5-12 см, ені 3-3, 1 см ұзартылған ұзын пішінді келесі үш жапырақ сонымен қатар, дамымаған гүлшоғыры бар шағын биіктігі (12 см) төмен генеративті өсімдіктер табылды. Мұндай даралар жалғыз, сондықтан олардың ценопопуляцияда болуы өсімдіктерге теріс әсер етпейді.



Сурет 3. *Dactylorhiza fuchsii* виргинильді дарақ

Жалпы, *Dactylorhiza fuchsii* өсімдіктері қалыпты жағдайда. Тек кейбір даралардың жапырақтарының омыртқасыз жануарлардың (жәндіктер) немесе тышқан тәрізді кеміргіштермен зақымдалғанын байқадық. Сондай-ақ, батпақтың жынында ценопопуляциясы зерттелді, онда барлық генеративті даралардың гүлдері (5 дана) ұзілген. Болжам бойынша, *Dactylorhiza fuchsii* гүлшоғырларын жануарлар өздерінің рационында пайдаланады [21-23].

Dactylorhiza fuchsii табиғи жағдайда түқым арқылы таралады. Генеративтік дарақтар жанында 23 прегенеративтік жас дарақтарды таптық. Тығыздығы жоғары, қалыпты толық дамыған *Dactylorhiza fuchsii* (1 м2-де 41 дараға дейін) ценопопуляциясы аз жүрілген орман жолдарында және өсіп келе жатқан талшықтарда, сондай-ақ батпақтардың шетінде табылды. *Dactylorhiza fuchsii* үшін «Көкшетау» МҰТП аумағындағы өсу жағдайлары онтайлы болып табылады, бұл жеке дарақтардың тіршілік ету жағдайында және олардың тығыздығы жоғары көптеген қалыпты, толық дамыған ценопопуляциялардың қалыптастырумен сипатталады. Бұрынғы уақытта *Dactylorhiza fuchsii* түйнектері (басқа да түйнек тәрізді жерүсті орхидеялары сияқты) салеп алу үшін дәрілік шикізат ретінде қолданылған, бірақ олардың санының күрт төмендеуіне және кейде толық жойылуына байланысты бұл түр көптеген жерлерде қорғалады.

Қорытынды

Dactylorhiza fuchsii (Druce) Soo ценопопуляциясының қазіргі жағдайын зерттеу нәтижелері келесі қорытындыларды береді:

«Көкшетау» МҰТП аумағындағы *D. fuchsii* орман қауымдастырында кездеседі.

Зерттелген ценопопуляциялар толық емес, *D. fuchsii* онтогенезінде 2 онтогенетикалық кезең (прегенеративтік, генеративтік) және 4 онтогенетикалық күй (ювенильдік, имматурлық, виргинильдік, генеративтік) анықталды. Негізгі онтогенетикалық спектр – имматурлы күйдегі жеке дарақтар тобы.

D. fuchsii ең аз өзгермелі морфологиялық белгілері – бірінші жапырақтың ені және ғұлшоғырының ұзындығы (сәйкесінше 3,4 және 8%), ең өзгермелі – өркеннің ұзындығы (62 %).

D. fuchsii зерттелген ценопопуляцияларының көшілігінің жағдайы Ақмола облысында қанағаттанарлық, жоғалу қаупі төнген. Табиғи кешендердің айтарлықтай антропогендік өзгеруіне байланысты осы аумақтың өсімдіктер қауымдастыры табиғи ерекшеліктерін жоғалтуда. Бұл тар экологиялық амплитудасы бар, таралу аймағының негізгі бөлігінен оқшауланған жерлерде өсетін сирек кездесетін өсімдіктердің, соның ішінде орхидеялар (Orchidaceae) өкілдерінің сақталуына әсер етеді.

Сирек кездесетін өсімдіктердің ценотикалық популяцияларының құрылымы мен динамикасы туралы алынған мәліметтер аймақтағы түрлердің қазіргі жағдайын бағалау және оларды сақтау мен қалпына келтірудің тиімді шараларын әзірлеу үшін қажет. Ақмола облысындағы Orchidaceae түқымдастырының көптеген өкілдері қоршаған орта жағдайларының өзгеруіне және өсімдік жамылғысының антропогендік өзгеруіне айтарлықтай сезімтал.

Авторлардың қосқан үлесі

Халымбетова А.Е. – далалық зерттеулерді жүргізу, жұмыс нәтижелерін жинау, мәтінді жазу және талдау;

Мұхтұбаева С.К. – жұмыстың концепциясына елеулі үлес қосу; мәтінді жазу, талдау және түсіндіру, мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға бекіту;

Абиеев С.А. – мәтіннің мазмұнын сини түрғыдан қарau және мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға бекіту.

Әдебиеттер тізімі

1. Хрусталева И.А., Куприянов А.Н., Султангазина Г.Ж. Редкие виды растений национального парка «Бурабай» (Центральный Казахстан) // Вестник Томского государственного университета. Биология. – 2012. – №. 4 (20). – С. 118-126.
2. Аятханулы А.М., Ерболатқызы К.П. Образ исторических особенностей и флорофитоценотическое состояние Кокшетауского Национального Парка // Наука и реальность/ Science & Reality. – 2021. – №. 1 (5). – С. 8-10.
3. Султангазина Г.Ж., Куприянов А.Н. Флористические находки на территории национального парка «Бурабай» // Вестник Кемеровского государственного университета. – 2012. – №. 1. – С. 23-26.
4. Красная книга Казахстана. Изд. 2-е, переработанное и дополненное. Том 2.: Растения (колл. авт.). – Алматы: «AptPrintXXI», 2014. – 452 с.
5. Вахрамеева М.Г., Денисова Л.В., Никитина С.В. Особенности структуры ценопопуляций видов семейства орхидных // Популяционная экология растений. Москва, 1987. – С. 147-150.
6. Robert L. Dressler. Phylogeny and Classification of the Orchid Family. – Dioscorides Press, 1993. – 123 р.
7. Байтенов М.С. Флора Казахстана. Том 2. – 2001.
8. Сумбембаев А.А. Оценка современного состояния популяций видов рода *Dactylorhiza* Necker ex Neveski флоры Казахстанского Алтая: диссертация на соискание степени доктора философии (PhD): защищена 06.07.2021. – Алматы, 2021. – 194 с.
9. Данилова А.Н., Сумбембаев А.А., Котухов Ю.А., Ануфриева О.А. Орхидные Казахстанского Алтая. Перспективы сохранения (методические рекомендации). – Усть-Каменогорск: Изд-во «Медиа-Альянс», 2020. – 89 с.
10. Красная Книга Мурманской области. Изд. 2-е, перераб. и доп. – Кемерово: «Азия-принт», 2014. – 584 с. ISBN 978-5-85905-446-6.
11. IUCN 2022. The IUCN Red List of Threatened Species [Электронды ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.iucnredlist.org> (жүгінген күні: 24.05.2023).
12. Работнов Т.А. Жизненный цикл многолетних травянистых растений в лесных ценозах. // Тр. БИНа АН СССР. – 1950. – Вып. 6. – С. 7-204.
13. Голубев В.Н., Молчанов Е.Ф. Методические указания к популяционно-количественному и эколого-биологическому изучению редких, исчезающих и эндемичных растений Крыма. – Ялта: Изд-во Никитинского ботанического сада, 1978. – 41 с.
14. Заугольнова Л.Б., Смирнова О.В. Возрастная структура ценопопуляций многолетних растений и ее динамика // Журнал общей биологии. – 1978. – Т. 39. – №. 6. – С. 849-857.
15. Левина Р.Е. Репродуктивная биология семенных растений. – Москва: Наука, 1981. – 96 с.
16. Денисова Л.В., Никитина С.В., Заугольнова Л.Б. Программа и методика наблюдений за ценопопуляциями видов растений Красной книги СССР // Всес. науч. исслед. ин-т охраны природы и заповедного дела Госагропрома СССР. – Москва, 1986. – 34 с.

17. Тетерюк Л.В. Практические рекомендации по проведению ценопопуляционных исследований редких и охраняемых видов сосудистых растений //Инновационные методы и подходы в изучении естественной и антропогенной динамики окружающей среды. Часть 2. – 2009. – Т. 2. – С. 22-37.
18. Вахрамеева М.Г. Род пальчатокоренник //Биологическая флора Московской области. – 2000. – №. 14. – С. 55.
19. Сумбембаев А.А., Матвеева Е.В., Абдешова А.Б. Primary introduction results of the genus *Dactylorhiza necker ex nevski* in the Altai Botanical Garden //Вестник КазНУ. Серия биологическая. – 2021. – Т. 87. – №. 2. – С. 58-68.
20. Вахрамеева М.Г. Динамика ценопопуляций некоторых надземных орхидных под воздействием различных природных и антропогенных факторов // Жизнь популяций в гетерогенной среде. Йошкар-Ола. – 1998. – Т. 2. – С. 77-78.
21. Швецов А.Н., Саодатова Р.З., Галкина М.А. Опыт создания интродукционной популяции *Dactylorhiza Fuchsii* (Druce) Soó В ГБС РАН //Теоретические проблемы экологии и эволюции: Шестые Любищевские чтения, 11-й Всероссийский популяционный семинар и Всероссийский семинар "Гомеостатические механизмы биологических систем" с общей темой" Проблемы популяционной экологии". – 2015. – С. 342-344.
22. Хомутовский М.И. Оценка устойчивости некоторых видов орхидных в условиях искусственных биотопов //Известия Самарского научного центра Российской академии наук. – 2012. – Т. 14. – №. 5-1.
23. Капустина Н.В., Рябова Е.В. Эколо-биологическая характеристика и особенности индивидуального развития *Dactylorhiza Fuchsii* (Druce) Soo` на территории ГПЗ «Былина» // Материалы X Всероссийской научно-практической конференции с международным участием «Биодиагностика состояния природных и природно-техногенных систем. – Киров, 2012. – 251 с.

А.Е. Халымбетова^{1,2}, С.К. Мухтубаева¹, С.А. Абиев²

¹Филиал РГП на ПХВ «Институт ботаники и фитоинтродукции» КЛХЖМ МЭПР РК
«Астанинский Ботанический сад», Астана, Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Современное состояние ценопопуляций *Dactylorhiza fuchsii* (Druce) Soó на территории ГНПП «Кокшетау»

Аннотация. В статье представлены результаты изучения 6 ценопопуляций (ЦП) редкого представителя *Dactylorhiza fuchsii* (Druce) Soó (Orchidaceae) в Акмолинской области на территории ГНПП "Кокшетау". Выявлено, что *D. fuchsii* встречается в березово-осиновых лесах, в кустарничково- травяных сообществах. Представлены морфометрические параметры в ценопопуляциях *Dactylorhiza fuchsii* (Druce) Soó - длина побега, длина соцветия, параметры первого листа. Показано, что большинство ценопопуляций являются молодыми и способными к самовозобновлению. Ценопопуляция №1, произрастающая в наиболее аридных условиях, является зреющей и переходной. Рассмотрена изменчивость и пластичность некоторых

морфологических параметров *D. fuchsii*. Установлена структура изменчивости признаков. Анализ морфометрических признаков генеративных особей показал, что наиболее высокорослые растения произрастили в березово-осиновом и сосново-березовом лесу. Данная оценка изменчивости признаков изученных ЦП, которая показала, что максимальная изменчивость установлена для длины побега (55%), наименее изменчивыми признаками генеративных особей *D. fuchsii* длина соцветия и ширина первого листа (7 и 3,6%). Отмечается высокая степень варьирования признаков. Наблюдения за ЦП проводили в течение двух лет (2021-2022 гг.). ЦП №1 находится в удовлетворительном состоянии, что обусловлено высокой долей генеративных особей и максимальной плотностью. Состояние двух ценопопуляций *D. fuchsii* №2 и №3 оценивается как угрожающее к исчезновению и зависящее от сохранения. Для всех изученных ЦП рекомендуется продолжить мониторинг и контроль за состоянием популяций.

Ключевые слова: *Orchidaceae*, *Dactylorhiza fuchsii* (Druce) Soó, ценопопуляция, онтогенетическая структура, морфометрические параметры, возрастной состав, вегетативное размножение.

A.E. Khalymbetova^{1,2}, S.K. Mukhtubaeva¹, S.A. Abiev²

¹“Astana Botanical Garden” the branch of the RSE “Institute of Botany and Phytointroduction” Committee of forestry and wildlife of the Ministry of ecology and nature management of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Current condition of *Dactylorhiza fuchsii* (Druce) Soó cenopopulations on the territory of SNPP “Kokshetau”

